КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 10 шілде №7119-23-00-2/6631 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана су арнасы» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
«DD Tnergy» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талапкер «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК «DD Tnergy» ЖК-ға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«DD Tnergy» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«DD Tnergy» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым

Құжатқа қол қойылған Абенова А. Ч, 10.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.08.2023, судья Абенова А. Ч, 18.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 10.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.08.2023, судья Абенова А. Ч., 18.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ұ й ғ а р ы м

2023 жылғы 25 тамыз Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ч. Абенова «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК «DD-Energy» ЖК-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы туралы туралы талап қоюын қарап,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК «DD-Energy» ЖК-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

ДӘЛЕЛДЕУ БӨЛІГІ:

ҚР Азаматтық процессуалдық кодексінің 235-бабына сәйкес бұдан әрі (АПК) сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша қате жазуларды немесе көрінеу арифметикалық қателерді түзете алады.

2023 жылғы 24 тамызда талап қоюшының өкілінен сот шешіміндегі қатені түзеу туралы арыз түсті.

Іс материалдарын зерделеу барысында соттың шешімінде жауапкердің атауында қате жіберілгені анықталды.

Осыған байланысты сот, ұйғарымына қате жазуларды түзетуді енгізу қажет деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК 235, 268, 269 баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 10 шілдесіндегі «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК «DD-Energy» ЖК-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы азаматтық ісі бойынша шешімге түзетулер енгізілсін.

Шешімдегі «DD Tnergy» ЖК «DD-Energy» ЖК деп барлық мәтін бойынша ауыстырылсын.

Жеке шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына келтіруге болады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **А.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч, 25.08.2023